ЖОБА

Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне арналған
«Ойын арқылы баланың эмоционалдық әл-ауқатын қалыптастыру»
ПЕДАГОГТЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ КУРСТАРЫНЫҢ
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Көлемі: 80 академиялық сағат
Оқыту нысаны: күндізгі/қашықтан

Астана, 2026

1. Жалпы ережелер

«Ойын арқылы баланың эмоционалдық әл-ауқатын қалыптастыру» мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) ойын әрекеті арқылы мектеп жасына дейінгі балалар үшін эмоционалды тұрғыдан қауіпсіз, қолдаушы және

дамытушы орта ұйымдастыру бойынша педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіруге бағытталған.

Мектепке дейінгі жаста ойын баланың өзін, қоршаған әлемді және әлеуметтік қарым-қатынастарды тануының шынайы тәсілі болып табылады. Ойын әрекеті барысында бала эмоцияларын білдіреді, құрдастарымен және ересектермен өзара әрекет етеді, жанжалды жағдайларды шешу тәсілдерін меңгереді, эмоционалды шиеленісті еңсереді, бастамашылдық танытады және оң әлеуметтік тәжірибе жинақтайды.

Бағдарлама ойынды оқыту құралы ретінде қолданудан баланың эмоционалды әл-ауқатының, өзін еркін көрсетуінің, қарым-қатынас жасауы мен дамуының кеңістігі ретінде түсінуге көшуді көздейді. Бағдарламаның мазмұны Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес және мынадай жас топтарына бағытталған: ерте жас тобы (1 жастағы балалар), кіші топ (2 жастағы балалар), ортаңғы топ (3 жастағы балалар), ересек топ (4 жастағы балалар) және мектепалды топ/сынып (5 жастағы балалар).

Бағдарламаның өзектілігі баланың эмоционалдық әл-ауқатына оның толыққанды дамуының, оң әлеуметтенуінің, дербестігі мен өзіне деген сенімділігінің, коммуникативтік дағдылары қалыптасуының және мектепте оқуға дайындығының негізгі шарттарының бірі ретінде назар аударуды күшейту қажеттілігімен айқындалады.

Бағдарлама Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығы, өзгерістермен) және Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидаларына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 29 мамырдағы № 145-НҚ бұйрығымен жаңа редакцияда) сәйкес әзірленді.

2. Глоссарий

1) Баланың эмоционалдық әл-ауқаты – баланың қауіпсіздікті сезінуі, өзінің эмоцияларын білдіре алуы және оларды басқара білуі, бастамашылдық танытуы және айналасындағылармен қарым-қатынас орнатуы арқылы сипатталатын жай-күй;

2) Эмоционалды интеллект – өзінің эмоцияларын және басқа адамдардың эмоцияларын тану, түсіну және атау, оларды басқару және өзара қарым-қатынас барысында ескеру қабілеті;

3) Эмоционалдық тұрғыдан өзін-өзі реттеу – ересектің қолдауымен баланың өзінің эмоционалды жай-күйі мен мінез-құлқын біртіндеп басқару қабілеті;

4) Эмпатия – жанашырлық таныту және басқа адамның эмоционалды жай-күйін түсіну қабілеті;

5) Еркін ойын – бала ойынның мазмұнын, рөлдерді, материалдарды, ойындағы серіктестері мен ойын ұзақтығын өз бетінше таңдайтын ойын;

6) Ойынды еркін қолдау – бұл жағдайда ересек баланы бақылайды, оның әрекетіне жауап береді, ойынға қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді және баланың шақыруымен ойынға қосылады, баланың ниетін өзінің ойымен алмастырмайтын педагогтің ұстанымы;

7) Эмоционалдық тұрғыдан қауіпсіз орта – психологиялық қысым көрсетуге, баланы кемсітуге жол бермейтін, баланың қадір-қасиетін құрметтеуді және таңдау құқығын қамтамасыз ететін білім беру ортасы;

8) Дамытушы орта – заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, күні бойы өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, балалардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар орта;

9) Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар – тиісті деңгейде және қосымша білім алу үшін арнайы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілігі бар балалар;

10) Педагогикалық бақылау – баланың ойын және қарым-қатынас барысында көрінетін әрекеттері мен мінез-құлық ерекшеліктерін бағалаусыз, мақсатты түрде және жүйелі тіркеу;

11) Белсенді тыңдау – ересектің баланы мұқият тыңдап, естігенін айту арқылы баланың сезімдерін түсінгенін көрсететін қарым-қатынас тәсілі;

12) Педагогикалық рефлексия – педагогтің өз қызметін, эмоционалды реакцияларын және олардың балаларға әсерін пайымдауы;

13) Оқытуды басқару жүйесі (Learning Management System – LMS) – қашықтан және аралас оқыту нысандарында оқу процесін басқаруды автоматтандыруға арналған ақпараттандыру объектісі;

14) Қалыптастырушы бағалау – оқу барысында тыңдаушының практикалық тапсырмаларды орындауы арқылы кері байланысын ағымдағы бағалау;

15) Қорытынды бағалау – Бағдарламаның талаптарына сәйкес тыңдаушының біліктілік деңгейі мен мен құзыреттілігін растау рәсімі;

16) Курстан кейінгі сүйемелдеу – педагогтің курстан кейінгі қызметін үздіксіз мониторингтеу және әдістемелік, консультациялық көмек көрсету арқылы оның кәсіби құзыреттілігін дамытуды қамтамасыз ететін іс-шаралар жүйесі.

3. Бағдарлама тақырыбы

1- модуль Мектеп жасына дейінгі баланың эмоционалдық әл-ауқатын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері	1.1. Баланың эмоционалдық әл-ауқатының түсінігі және тұлғаның толыққанды дамуы үшін маңызы. Мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалдық дамуының жас ерекшеліктері
	1.2. Баланың эмоционалдық қажеттіліктері және оның психологиялық әл-ауқатына әсер ететін факторлар. Баланың эмоционалдық әл-ауқаты, әлеуметтік бейімделуі және табысты әлеуметтенуінің өзара байланысы
	1.3. Мектепке дейінгі ұйымда балалардың эмоционалдық әл-ауқатын қамтамасыз етудің нормативтік құқықтық және психологиялық-педагогикалық негіздері
2-модуль Ойын баланың эмоционалдық дамуы мен әл-ауқатын қамтамасыз ету құралы	2.1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі ойын: дамытушы, тәрбиелеу және эмоционалдық әлеуеті. Ойын әрекетінің балалардың эмоционалдық жай-күйіне, мінез-құлқына және өзара қарым-қатынасына ықпалы
	2.2. Эмоционалдық интеллектті дамытуға арналған ойындар: эмоцияларды тану, түсіну және білдіру. Балалардың эмоционалдық сезімталдығын, эмпатиясын және коммуникативтік дағдыларын қалыптастырудағы сюжетті-рөлдік ойынның рөлі
	2.3. Өзін-өзі оң бағалауды, өзіне деген сенімділікті және қауіпсіздікті сезінуді қалыптастыруға арналған ойын технологиялары
	2.4. Ұлттық ойындар және халық педагогикасының элементтері балаларды эмоционалдық дамыту құралы
3-модуль Эмоционалдық тұрғыдан қауіпсіз және қолдаушы білім беру ортасын ұйымдастыру	3.1. Мектепке дейінгі ұйымның эмоционалдық-дамытушы ортасы: ұйымдастыру қағидаттары мен мазмұнына қойылатын талаптар. Балалардың өз ойын еркін білдіруіне және эмоционалдық шаршауын басуға арналған ойын кеңістіктерін ұйымдастыру
	3.2. Сенімділік білдіру, қабылдау, құрмет көрсету және психологиялық қауіпсіздік ахуалын қалыптастыруда педагогтің рөлі
	3.3. Балалардың жеке білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, инклюзивті ойын ортасын ұйымдастыру
	3.4. Балалар ұжымында эмоционалдық жайсыздықтың алдын алу және жанжалды жағдайларды болдырмау

4-модуль. Баланың эмоционалдық әл-ауқатын қамтамасыз ету мәселелері бойынша отбасымен өзара ынтымақтастық	4.1. Отбасы – баланың эмоционалдық әл-ауқатына ықпал ететін маңызды фактор. Балалардың эмоционалдық дамуының мәселелері бойынша педагогтер мен ата-аналардың әріптестік өзара іс-қимылы
	4.2. Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналарды тартудың ойын түріндегі нысандары
	4.3. Отбасы мен педагогтердің үйлестірілген әрекеттері арқылы балалардың эмоционалдық қиындықтарының алдын алу
5-модуль. Вариативтік мазмұн	5.1.Тыңдаушылардың сапалық құрамына және олардың кәсіби сұраныстарына сәйкес бағдарламаның мазмұнын талдау. Тыңдаушылардың кәсіби қызметінде кездесетін қиындықтарды талқылау және оларды шешу жолдарын қарастыру.
	5.2 Мектепке дейінгі ұйым педагогінің кәсіби құзыреттілігін өзіндік бағалауы.
Қорытынды бағалау	Тестілеу
	Жоба қорғау

«Ойын арқылы баланың эмоционалды әл-ауқатын қалыптастыру» мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламасы отандық және халықаралық зерттеулердің нәтижелері негізінде әзірленген инновациялық бағдарлама болып табылады:

- Қазақстандағы балалар мен жасөспірімдердің жағдайын талдау материалдарында (ЮНИСЕФ, 2025) балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығы мен әл-ауқатына қатысты шешілмеген мәселелердің ересек өмірдегі физикалық және психикалық денсаулыққа ұзақ мерзімді әсері атап өтіледі, сонымен қатар психоәлеуметтік қолдау көрсету қызметтерінің үйлесімділігінің жеткіліксіздігі және профилактикалық жұмыстың қажеттілігі көрсетіледі,бұл эмоционалды әл-ауқатты қамтамасыз етуге бағытталған жұмысты мектепке дейінгі жастан бастаудың маңыздылығын арттырады;

- Дж. Хекманның (2006) деректеріне сәйкес ерте жаста қалыптасатын әлеуметтік-эмоционалдық дағдылар адамның білім алу нәтижелері мен өмірлік жетістіктеріне ұзақ мерзімді ықпал етеді;

- Американдық педиатрия академиясының клиникалық есебінде (Yogman et al., 2018) ойын баланың әлеуметтік, эмоционалдық және когнитивтік дағдыларын дамытудың қажетті шарты екені, ал ойын барысында ересектермен орнайтын қолдаушы қарым-қатынастың күйзеліс салдарын төмендететіні негізделген: нейробиологиялық зерттеулер (Panksepp, 2007) ойынның

эмоционалдық реттеу мен әлеуметтік мінез-құлықты дамытудағы рөлін байланыстырады;

-әлеуметтік-эмоционалдық оқытуға арналған 213 мектеп бағдарламасының мета-талдауы (Durlak et al., 2011; 270 034 білім алушылар) әлеуметтік-эмоционалдық дағдылардың, ұстанымдар мен мінез-құлықтың жақсарғанын, сондай-ақ академиялық үлгерімнің орта есеппен 11 процентильдік тармаққа артқанын көрсетті;

- Hamre және Pianta зерттеулері (2001) балабақшадағы «педагог – бала» қарым-қатынасының сапасы баланың кейінгі бейімделуімен және 8-сыныпқа дейінгі оқу кезеңінде мектептегі жетістіктерімен байланысты екенін көрсетті.

Зерттеу нәтижелері баланың эмоционалдық әл-ауқатының негізгі шарттарын айқындауға мүмкіндік береді: ересектің қолдауымен жүзеге асатын еркін ойын, «педагог – бала» арасындағы эмоционалдық тұрғыдан қауіпсіз өзара әрекет, дамытушы орта, отбасымен әріптестік және педагогтің кәсіби құзыреттілігі. Бұл шарттар Бағдарлама модульдерінің мазмұнын құрайды.

Бағдарлама Қазақстан Республикасының заңнамасын талдау және педагогтердің кәсіби қызметінде кездесетін қиындықтары мен қажеттіліктерін диагностикалау нәтижелері бойынша әзірленді, нәтижелері біліктілікті арттыру ұйымының хаттамасымен ресімделді. Бағдарлама кемінде үш жылда бір рет қайта қаралады.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалдық әл-ауқатын ойын әрекетінің түрлері мен эмоционалдық тұрғыдан қауіпсіз білім беру ортасын ұйымдастыру арқылы қамтамасыз ету бойынша мектепке дейінгі ұйымдар педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру.

Бағдарламаның міндеттері:

1) Педагогтердің мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалдық дамуының жас және жеке ерекшеліктері, сондай-ақ олардың эмоционалдық әл-ауқатына әсер ететін факторлар туралы білімдерін кеңейту;

2) Балалардың эмоционалдық жай-күйлерін тану және уақтылы педагогикалық қолдау көрсетуді қалыптастыру.

3) Балалардың ойынды бастауын қолдай отырып, олардың эмоционалдық интеллектін, өзін-өзі реттеуін, эмпатиясы мен коммуникативтік дағдыларын дамытуға арналған ойын технологияларын қолдана білуін жетілдіру;

4) Эмоционалдық тұрғыдан қауіпсіз және қолдайтын дамытушы орта ұйымдастыру, сындарлы өзара іс-қимылды ұйымдастыру және жанжалды жағдайларды шешу бойынша педагогтердің құзыреттілігін дамыту;

5) Балалардың эмоционалдық әл-ауқатын қамтамасыз ету мәселелері бойынша тәрбиеленушілердің отбасыларымен әріптестік өзара әрекет ету дағдыларын жетілдіру;

6) Мектепке дейінгі ұйымда жайлы эмоционалдық ахуалды сақтауға ықпал ететін педагогикалық рефлексия және өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту.

Курсты аяқтағаннан кейін тыңдаушылар:

- мектеп жасына дейінгі баланың дамуындағы эмоционалдық әл-ауқаттың маңызын түсінеді;
- балалардың эмоционалдық дамуының жас ерекшеліктерін біледі;
- эмоционалдық интеллектті, эмпатияны және өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға арналған ойын технологияларын меңгереді;
- балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ойындарды таңдай алады;
- эмоционалдық тұрғыдан қауіпсіз және қолдаушы білім беру ортасын ұйымдастырады;
- эмоционалдық шаршаудың және өзара қарым-қатынас жасауда қиындықтардың алдын алу үшін ойын әдістерін қолданады;
- балалардың эмоционалдық әл-ауқатын қамтамасыз ету мәселелері бойынша ата-аналармен ынтымақтастықта жұмыс жүргізеді;
- қолданылатын ойын практикаларының тиімділігін талдай алады.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бағдарлама 5 модульден тұрады:

1- модуль Мектеп жасына дейінгі баланың эмоционалдық әл-ауқатын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері

2-модуль Ойын баланың эмоционалдық дамуы мен әл-ауқатын қамтамасыз ету құралы

3-модуль Эмоционалдық тұрғыдан қауіпсіз және қолдаушы білім беру ортасын ұйымдастыру

4-модуль Баланың эмоционалдық әл-ауқатын қамтамасыз ету мәселелері бойынша отбасымен өзара ынтымақтастық

5-модуль Вариативтік мазмұн

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Педагогтердің біліктілігін арттыру курстары күндізгі және қашықтан оқыту тәртібінде өткізілетін курстың оқу-тақырыптық жоспарына (бұдан әрі – ОТЖ) сәйкес ұйымдастырылады. Курстың ұзақтығы – 80 сағат (1 академиялық сағат – 45 минут).

Күндізгі оқу нысаны жалақысын сақтай отырып, еңбек қызметінен қол үзіп оқытуды көздейді. Қашықтан оқыту нысаны еңбек қызметінен қол үзбей жүзеге асырылады.

Оқу процесі оқыту мен білім алудың белсенді және интерактивті нысандары мен әдістерін қамтиды: дәріс-диалогтар; практикалық сабақтар; тренингтер; шеберлік сыныптары; ойын зертханалары; педагогикалық жағдаяттарды модельдеу; рөлдік ойындар; кейс әдісі; балалардың ойынын бақылау және талдау; бейнежағдаяттарды талдау; шағын топтарда жұмыс істеу;

жобалау әрекеті; рефлексиялық практикалар; жобалау жұмысын таныстыру; бейнефильмдерді талқылау; мәселелерді бірлесіп шешу; эссе жазу; тестілеу.

Сабақтарды Бағдарлама бағыты бойынша кемінде үш жыл жұмыс өтілі бар жаттықтырушы-оқытушылар өткізеді.

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету Бағдарламаның мақсаты мен міндеттеріне, күтілетін нәтижелері мен мазмұнына сәйкес жүзеге асырылады.

Курстың оқу-тақырыптық жоспарының (ОТЖ) негізінде оқу-әдістемелік кешен (бұдан әрі – ОӘК) әзірленеді. ОӘК міндетті түрде зерделенуге міндетті теориялық материалдарды, презентациялармен сүйемелденетін интерактивті дәрістер мен тренингтердің, вебинарлардың мазмұнын, практикалық жұмыстар мен қорытынды бақылауға арналған тапсырмаларды, сондай-ақ ұсынылатын әдебиеттер тізімін қамтиды.

Тыңдаушыларға курс сабақтарының және вебинарлардың әрбір тақырыбы бойынша теориялық материалдар мен презентациялар, талдауға және редакциялауға арналған тапсырмалардың үлгілері ұсынылады. Курс бойынша қосымша ақпарат қамтылған дереккөздерге сілтемелер беріледі.

Курс барысында практикалық жұмыстарды орындау арқылы шешілетін тапсырмалар қарастырылған.

1- модуль Мектеп жасына дейінгі баланың эмоционалдық әл-ауқатын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері

Модульдің өзектілігі:

Эмоционалдық әл-ауқат мектеп жасына дейінгі баланың толыққанды физикалық, психикалық, әлеуметтік және тұлғалық дамуының маңызды шарты болып табылады. Эмоционалдық дамудың жас және жеке ерекшеліктерін, балалардың эмоционалдық жай-күйіне әсер ететін факторларды түсіну педагогтерге тәрбиеленушілердің қажеттіліктерін уақтылы анықтауға және қажетті педагогикалық қолдау көрсетуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты педагогтерде психологиялық қауіпсіздікті, эмоционалдық жайлылықты қамтамасыз ету және балалармен жағымды өзара қарым-қатынас орнату үшін қажетті құзыреттіліктерді қалыптастыру ерекше маңызға ие.

Модульдің міндеттері:

- педагогтердің мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалдық әл-ауқатының мәні, құрамдас бөліктері және оған ықпал ететін факторлар туралы білімдерін кеңейту;
- балалардың эмоционалдық дамуының жас және жеке ерекшеліктері туралы түсініктерін қалыптастыру;
- педагогикалық бақылау жүргізу, баланың эмоционалдық жай-күйі мен қажеттіліктерін тану дағдыларын жетілдіру;

- баланың әл-ауқатын қамтамасыз етуде педагог пен бала арасындағы эмоционалдық қолдауға негізделген өзара әрекет етудің рөлі туралы түсінік қалыптастыру.

Оқытудың күтілетін нәтижелері:

- баланың дамуы мен әлеуметтенуі үшін эмоционалдық әл-ауқаттың маңызын түсінеді;
- балалардың эмоционалдық дамуының жас және жеке ерекшеліктерін біледі;
- тәрбиеленушілердің эмоционалдық жай-күйіне әсер ететін негізгі факторларды анықтайды;
- педагогикалық бақылау арқылы балалардың негізгі эмоционалдық көріністерін таниды;
- баланың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, эмоционалдық қолдау көрсету тәсілдерін қолданады.

2-модуль Ойын баланың эмоционалдық дамуы мен әл-ауқатын қамтамасыз ету құралы

Модульдің өзектілігі:

Ойын – мектеп жасына дейінгі балалардың жетекші әрекетінің түрі, эмоционалдық саланы дамыту, жағымды тұлғааралық қарым-қатынастарды, коммуникативтік дағдылар мен эмоционалдық өзін-өзі реттеуді қалыптастырудың тиімді құралы. Ойын әрекеті барысында бала өз сезімдерін білдіруге, өзінің ішкі күйзелістерін түсінуге, басқа адамдардың эмоционалдық жай-күйін түсінуге, ынтымақтастық пен жанжалдарды шешу тәжірибесін жинақтауға мүмкіндік алады. Осыған байланысты ойын әрекетінің түрлерін ұйымдастыру және балалардың ойында бастамасын қолдау бойынша педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту ерекше маңызға ие.

Модульдің міндеттері:

Ойын әрекеті түрлерінің эмоционалдық - дамытушы әлеуеті туралы педагогтердің түсініктерін кеңейту.

Балалардың эмоционалдық интеллектін, эмпатиясын, қарым-қатынас жасау және өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға арналған ойын технологияларын қолдану дағдыларын жетілдіру.

Педагогтерге тәрбиеленушілердің жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ойындарды таңдау және ұйымдастыру тәсілдерін үйрету.

Еркін ойынды, балалардың бастамасы мен ойын әрекетіндегі дербестігін қолдауды қалыптастыру.

Оқытудың күтілетін нәтижелері:

баланың эмоционалдық дамуы мен әл-ауқатын қамтамасыз етуде ойынның маңызын түсінеді;

эмоционалдық саланы дамытуда ойын түрлерінің мүмкіндіктерін біледі;

эмоцияларды тану және білдіру, эмпатия мен өзін-өзі реттеуді дамыту үшін ойын технологияларын таңдайды және қолдана алады;

сюжетті-рөлдік, театрландырылған, коммуникативтік, қимылды және ойынның басқа түрлерін ұйымдастырады;

еркін ойынға жағдай жасайды, балалардың бастамасы мен дербестігін қолдайды;

ойынды эмоционалдық шаршудың алдын алу және тәрбиеленушілер арасындағы жағымды қарым-қатынасты дамыту құралы ретінде қолданады.

3-модуль Эмоционалдық тұрғыдан қауіпсіз және қолдаушы білім беру ортасын ұйымдастыру

Модульдің өзектілігі:

Білім беру ортасының эмоционалдық қауіпсіздігі мектепке дейінгі ұйымда баланың әл-ауқатын қамтамасыз етудің қажетті шарттарының бірі болып табылады. Сенімділік білдіру, қабылдау, даралықты құрметтеу және эмоционалдық қолдау атмосферасы балаларда қорғалу сезімін, өзіне деген сенімділікті және қоршаған адамдармен өзара әрекет етуге дайындықты қалыптастыруға ықпал етеді. Педагогтің дамытушы ортаны ұйымдастыру, эмоционалдық шиеленістің алдын алу және тәрбиелеу-білім беру процесіне қатысушылардың арасындағы сындарлы өзара әрекет етуді қамтамасыз ету қабілеті маңызды рөл атқарады.

Модульдің міндеттері:

Эмоционалдық тұрғыдан қауіпсіз және қолдау көрсететін білім беру ортасын ұйымдастыру қағидаттары туралы түсінік қалыптастыру.

Құрмет көрсету, сенімділік таныту, қабылдау және эмоционалдық қолдау негізінде балалармен педагогикалық өзара әрекет ету дағдыларын жетілдіру.

Балалардың эмоционалдық қажеттіліктерін ескере отырып, дамытушы ортаны ұйымдастыра білуді дамыту.

Жанжалды жағдайларда дұрыс әрекет етуге және балалар ұжымындағы эмоционалдық шиеленістің алдын алуға үйрету.

Оқытудың күтілетін нәтижелері:

эмоционалдық тұрғыдан қауіпсіз білім беру ортасын ұйымдастыру қағидаттарын біледі;

балалардың эмоционалдық жайлылығы мен психологиялық қауіпсіздігі үшін жағдай жасайды;

оң педагогикалық қарым-қатынас пен эмоционалдық қолдау тәсілдерін қолданады;

дамытушы кеңістікті балалардың жас ерекшеліктерін, жеке және ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып ұйымдастырады;

жанжалды жағдайлардың алдын алу мен шешудің сындарлы тәсілдерін қолданады;

балалар ұжымында жайлы эмоционалдық климатты қолдау тәсілдерін меңгерген.

4-модуль Баланың эмоционалдық әл-ауқатын қамтамасыз ету мәселелері бойынша отбасымен өзара ынтымақтастық

Модульдің өзектілігі:

Отбасы баланың эмоционалдық дамуы мен әл-ауқатын қамтамасыз етудің маңызды факторы болып табылады. Ата-аналар мен педагогтердің қолданатын тәсілдерінің үйлесімділігі, сенімді өзара әрекет етуі және тәрбиеленушінің жеке қажеттіліктері туралы ақпарат алмасуы үй жағдайында және мектепке дейінгі ұйымда эмоционалдық қолдаудың сабақтастығын қамтамасыз етеді. Осыған байланысты педагогтердің ата-аналармен әріптестік өзара әрекет етуін ұйымдастыру және отбасын балалардың эмоционалдық дамуына қолайлы жағдай жасауға бағытталған бірлескен әрекетке тарту бойынша кәсіби құзыреттілігін жетілдіру қажет.

Модульдің міндеттері:

Баланың эмоционалдық әл-ауқатын қамтамасыз етуде отбасының рөлі туралы педагогтердің білімдерін кеңейту.

Балалардың эмоционалдық дамуы мен оларды қолдау мәселелері бойынша ата-аналармен әріптестік өзара әрекет ету дағдыларын жетілдіру.

Тәрбиеленушілердің отбасыларымен консультативтік, ағартушылық және практикалық жұмыс жүргізудің тиімді нысандарын меңгеру.

Ата-аналарды бірлескен ойын әрекетіне және балалардың эмоционалдық саласын дамытуға арналған іс-шараларға тартуды қалыптастыру.

Оқытудың күтілетін нәтижелері:

баланың эмоционалдық әл-ауқатын қалыптастыруда отбасылық тәрбиенің рөлін түсінеді;

ата-аналармен өзара әрекет етуде әріптестік тәсілді қолданады;

отбасыларды ағарту мен кеңес берудің әртүрлі нысандарын меңгерген;

үй жағдайында қолдануға арналған практикалық ұсынымдар мен ойын жаттығуларын таңдай алады;

балалардың эмоционалдық дамуына және ата-ана мен бала қарым-қатынасын нығайтуға бағытталған ата-аналар мен балалардың бірлескен іс-шараларын ұйымдастырады.

5-модуль Бағдарламаның вариативтік мазмұны. Педагогтердің практикаға бағытталған қызметі

Модульдің өзектілігі

Балалардың жас ерекшеліктеріне, жеке және эмоционалдық қажеттіліктеріне, сондай-ақ педагогтердің кәсіби тәжірибесі мен білім алуға деген қажеттіліктерінің әртүрлілігіне байланысты Бағдарлама мазмұнын меңгеруде вариативтік тәсілді қолдану қажеттілігі туындайды. Модульдің практикаға бағытталуы бойынша білімді тереңдетуге, ойын технологияларын апробациядан өткізуге, практикалық материалдар әзірлеуге және мектепке дейінгі ұйымның нақты жағдайында балалардың эмоционалдық әл-ауқатын қамтамасыз етудің тиімді тәсілдерін айқындауға мүмкіндік береді.

Модульдің міндеттері:

Педагогтердің балалардың эмоционалдық әл-ауқатын қалыптастыруға қатысты неғұрлым өзекті мәселелерді тереңдете зерделеуіне мүмкіндік беру.

Педагогтердің сұраныстары мен тәрбиеленушілердің қажеттіліктерін ескере отырып, ойын технологияларын жобалау және қолдану бойынша практикалық дағдыларын жетілдіру.

Педагогикалық жағдаяттарды талдау және балаларға эмоционалдық қолдау көрсетудің тиімді тәсілдерін таңдай білуді дамыту.

Тәрбиеленушілердің эмоционалдық әл-ауқатын қамтамасыз етуге арналған практикалық материалдарды әзірлеу және таныстыру дағдыларын қалыптастыру.

Оқытудың күтілетін нәтижелері

өзінің кәсіби практикасын жетілдірудің өзекті бағыттарын дербес айқындайды;

балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ойын технологияларын таңдайды;

эмоционалдық тұрғыдан күрделі педагогикалық жағдаяттарды талдайды және балаға қолдау көрсету тәсілдерін таңдауды негіздейді;

эмоционалдық әл-ауқатты қалыптастыруға бағытталған ойын жаттығулары мен практикалық әдістер кешенін әзірлейді;

өзінің әдістемелік әзірлемелерін ұсынады және негіздейді, оларды мектепке дейінгі ұйымның тәжірибесінде қолдану мүмкіндіктерін бағалайды.

Біліктілікті арттыру курстарының оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақтардың тақырыбы	Теориялық сабақтар	Тестілеу	Практикалық сабақтар, Өздік жұмыс	Жоба қорғау	Барлығы
1	**1- модуль Мектеп жасына дейінгі баланың эмоционалдық әл-ауқатын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері**	**6**		**6**		**12**
1.1	Баланың эмоционалдық әл-ауқатының түсінігі және оның тұлғаның толыққанды дамуы үшін	2				2

	маңызы. Мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалдық дамуының жас ерекшеліктері					
1.2	Баланың эмоционалдық қажеттіліктері және оның психологиялық әл-ауқатына әсер ететін факторлар. Баланың эмоционалдық әл-ауқаты, әлеуметтік бейімделуі және табысты әлеуметтенуінің өзара байланысы	2				2
1.3.	Мектепке дейінгі ұйымда балалардың эмоционалдық әл-ауқатын қамтамасыз етудің нормативтік құқықтық және психологиялық-педагогикалық негіздері	2				2
1.4.	Педагогикалық жағдаяттарды талдау және балалардың эмоционалдық жай-күйін тану. Эмоционалдық әл-ауқатқа ықпал ететін факторларды айқындау.			6		6
2	**2-модуль** **Ойын баланың эмоционалдық дамуы мен әл-ауқатын қамтамасыз ету құралы**	**7**		**13**		**20**
2.1	2.1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі ойын: дамытушы, тәрбиелеу және эмоционалдық әлеуеті. Ойын әрекетінің балалардың эмоционалдық жай-күйіне, мінез-құлқына және өзара қарым-қатынасына ықпалы	2				2
2.2	Эмоционалдық интеллектті дамытуға арналған ойындар: эмоцияларды тану, түсіну және білдіру. Балалардың эмоционалдық сезімталдығын, эмпатиясын және коммуникативтік дағдыларын қалыптастырудағы сюжетті-рөлдік ойынның рөлі	2		4		6
2.3	Өзін-өзі оң бағалауды, өзіне деген сенімділікті және қауіпсіздікті сезінуді қалыптастыруға арналған ойын технологиялары	1		4		5
2.4	Ұлттық ойындар және халық педагогикасының элементтері балаларды эмоционалдық дамыту құралы	2		5		7
3	**3-модуль Эмоционалдық тұрғыдан қауіпсіз және қолдаушы білім беру ортасын ұйымдастыру**	**8**		**15**		**23**
3.1	Мектепке дейінгі ұйымның эмоционалдық-дамытушы ортасы: ұйымдастыру қағидаттары мен мазмұнына қойылатын талаптар.	2		5		7

	Балалардың өз ойын еркін білдіруіне және эмоционалдық шаршауын басуға арналған ойын кеңістіктерін ұйымдастыру					
3.2	Сенімділік білдіру, қабылдау, құрмет көрсету және психологиялық қауіпсіздік ахуалын қалыптастыруда педагогтің рөлі	2		3		5
3.3	Балалардың жеке білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, инклюзивті ойын ортасын ұйымдастыру	2		3		5
3.4	Балалар ұжымында эмоционалдық жайсыздықтың алдын алу және жанжалды жағдайларды болдырмау	2		2		4
4	**4-модуль. Баланың эмоционалдық әл-ауқатын қамтамасыз ету мәселелері бойынша отбасымен өзара ынтымақтастық**	**6**		**9**		**15**
4.1	Отбасы – баланың эмоционалдық әл-ауқатына ықпал ететін маңызды фактор. Балалардың эмоционалдық дамуының мәселелері бойынша педагогтер мен ата-аналардың әріптестік өзара іс-қимылы	2		3		5
4.2	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналарды тартудың ойын түріндегі нысандары	2		4		6
4.3	Отбасы мен педагогтердің үйлестірілген әрекеттері арқылы балалардың эмоционалдық қиындықтарының алдын алу	2		2		4
5	**5- модуль Вариативтік мазмұн**		**2**	**4**	**4**	**10**
5.1	Тестілеу (кіру, шығу) Тыңдаушылардың сапалық құрамына және олардың кәсіби сұраныстарына сәйкес бағдарламаның мазмұнын талдау. Тыңдаушылардың кәсіби қызметінде кездесетін қиындықтарды талқылау және оларды шешу жолдарын қарастыру.		2			2
5.2	Өздік жұмыс			4		4
5.3.	Жоба қорғау				4	4
	Барлығы:	**27**	**2**	**47**	**4**	**80**

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Бағдарлама бойынша қорытынды сертификаттау жобаны қорғау, өздік жұмыс орындау және тестілеу түрінде өткізіледі.

Өздік жұмыс барысында тыңдаушылар практикалық тапсырмаларды орындайды, кейстерді шешеді, ойындарды модельдейді, жаттықтырушының кері байланысты қамтамасыз етуі арқылы жүзеге асырылады.

Тыңдаушылардың өздік жұмысты орындау нәтижелері бойынша білімін бағалау балдарды бес балдық бағалау жүйесіне ауыстыру арқылы жүзеге асырылады:

1) «Өте жақсы» – 9–10 балл (85–100%);

2) «Жақсы» – 7–8 балл (75–84%);

3) «Қанағаттанарлық» – 5–6 балл (50–74%).

Жобаның құрылымы

Қорытынды жұмыс ретінде тыңдаушылар «Топтағы балалардың эмоционалдық әл-ауқатын қамтамасыз етуге арналған ойын практикаларының жобасы» тақырыбында жобаны ұсынады.

Жобада мынадай мәліметтер қамтылуы тиіс:

- жас тобы;
- мақсаты;
- баланың эмоционалдық қажеттілігі;
- 5–7 ойыннан тұратын кешен және ойын ортасын ұйымдастыру;
- педагогтің әрекеті;
- ата-аналармен өзара әрекет ету тәсілдері;
- күтілетін нәтиже.

Бір жоба тақырыбы бойынша 4–5 тыңдаушыдан тұратын топ жұмыс істейді. Әр топ өз жобасын әзірлейді.

Жоба мынадай құрылымдық элементтерден тұрады:

1) Титулдық бет (ұйымның атауы, әзірлеушінің (әзірлеушілердің) Т. А. Ә.), жылы, қаланың атауы көрсетіледі).

2) Мазмұны (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды, қосымша).

3) Кіріспе (таңдалған тақырыптың өзектілігі негізделеді, жұмыстың мақсаты мен міндеттері айқындалады, негізгі мәселе тұжырымдалып, оған қысқаша сипаттама беріледі).

4) Негізгі бөлім (кіріспеде қойылған мәселе ашылады; дереккөздер мен қолданыстағы тиімді тәжірибе материалдары негізінде жобаның идеясы баяндалады; жобаны іске асыру кезеңдері жоспарланады; жобаны бағалау критерийлері, көрсеткіштері мен индикаторлары, сондай-ақ оның алдағы уақытта дамытушы, білім беру және қалыптастырушы ықпалы айқындалады).

5) Қорытынды (жобаны іске асыру кезіндегі тәуекелдер көрсетіледі, жалпы қорытынды жасалады немесе жобаны қолдану бойынша практикалық ұсынымдар беріледі).

6) Пайдаланылған дереккөздер тізімі.

7) Қосымшалар (қажет болған жағдайда).

8) Слайд түріндегі презентация.

Жобаны бағалау парағы

Критерий	Балл	Көрсеткіштер
Жобаның өзектілігі		Ойын практикаларының топтағы балалардың қажеттіліктеріне сәйкестігі; эмоционалдық дамуы мен әл-ауқатына қатысты нақты міндеттерді шешуге бағытталуы.
Ойын практикаларын таңдаудың мақсаты мен негізі		Ойындардың қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкестігі; ойын әдістері мен тәсілдерін таңдауға негіздеме.
Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеру		Ойындардың мазмұны мен күрделілік деңгейінің балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігі; тәрбиеленушілердің жеке қажеттіліктерін, қызығушылықтары мен эмоционалдық ерекшеліктерін ескеру.
Ойын практикаларының әртүрлілігі		Ойындардың түрлерін қолдану: сюжетті-рөлдік, коммуникативтік, дидактикалық, қимылды, театрландырылған ойындар, сондай-ақ эмоционалдық интеллект пен өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға арналған ойындар
Практикада қолдану мүмкіндігі		Нақты ойын жаттығуларының, сценарийлер мен ұсынымдардың болуы; оларды топтың тәрбиелеу-білім беру процесінде жүйелі түрде қолдану мүмкіндігі.
Балалардың эмоционалдық әл-ауқатын қамтамасыз етуге бағытталуы		Ойындардың оң өзін-өзі бағалауды, өзіне деген сенімділікті, эмпатияны, қарым-қатынас жасау, эмоцияларды білдіру және өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға бағытталуы.
Эмоционалдық тұрғыдан қауіпсіз орта ұйымдастыру		Ізгі ниетті қарым-қатынас ахуалын, психологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, балалардың бастамаларын қолдау және эмоцияларын еркін білдіруіне жағдай жасау.

Критерий	Балл	Көрсеткіштер
Күтілетін нәтижелерді бағалау		Балалардың эмоционалдық жай-күйінде, өзара қарым-қатынасында және мінез-құлқында күтілетін өзгерістерді айқындау; бақылау тәсілдері мен нәтижелерді талдау.
Шығармашылық тәсіл және жобаның презентациясы		Әзірлемелердің ерекшелігі мен бірегейлігі; жоба құрылымының қисындылығы, көрнекілігі және ұсыну сапасы.

Жоба бойынша ең жоғары балл – 27.

Жұмыс нәтижелері бойынша жинақталған баллдарды дәстүрлі бағалау жүйесіне төмендегі сызба бойынша ауыстыру ұсынылады:

- «5» (өте жақсы) баға - 24–27 баллға (85–100%) қойылады.
- «4» (жақсы) баға - 19–23 баллға (75–84%) қойылады.
- «3» (қанағаттанарлық) баға - 9–18 баллға (50–74%) қойылады.

Қорытынды тестілеу

№	Модульдердің атауы	Сағат саны	Сұрақтар саны
1	1- модуль Мектеп жасына дейінгі баланың эмоционалдық әл-ауқатын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері	12	10
2	2-модуль Ойын баланың эмоционалдық дамуы мен әл-ауқатын қамтамасыз ету құралы	20	10
3	3-модуль Эмоционалдық тұрғыдан қауіпсіз және қолдаушы білім беру ортасын ұйымдастыру	23	10
4	4-модуль. Баланың эмоционалдық әл-ауқатын қамтамасыз ету мәселелері бойынша отбасымен өзара ынтымақтастық	15	10
5			
	Тестілеу	**1 сағат**	**40 сұрақ**

Баллдарды бағаларға ауыстыру шкаласы

баға	орындалу % ауқымы	балл
«5»	90%-100%	29-35
«4»	75-89%	23-28
«3»	50-74%	15-22
«2»	50%-дан төмен	20 баллдан аз

Қорытынды бағалаудан өткен тыңдаушыларға қағаз немесе электрондық нысанда сертификат беріледі.

9. Курстан кейінгі сүйемелдеу

Педагогтердің қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу – педагогтің курстан кейінгі қызметін үздіксіз мониторингтеу және әдістемелік, консультациялық көмек көрсету арқылы оның кәсіби құзыреттілігін дамытуды қамтамасыз ететін іс-шаралар жүйесі.

Курстан кейінгі сүйемелдеудің нысандары:

– жеке және топтық онлайн-консультациялар;

– әдістемелік вебинарлар;

– ойын практикаларымен алмасу;

– педагогтердің кәсіби қауымдастығы;

– күрделі педагогикалық кейстерді талдау;

– мектепке дейінгі ұйымдарда практикаларды енгізу нәтижелерін ұсыну.

Курстан кейінгі мониторинг педагогикалық практиканың нақты жай-күйін Бағдарламаның күтілетін нәтижелерімен салыстыру мақсатында жүргізіледі. Мониторинг деректері Бағдарламаны түзету үшін қолданылады.

Курстан кейінгі сүйемелдеудің ұсынылатын нәтижесі – мектепке дейінгі жастағы балалардың эмоционалдық әл-ауқатын қамтамасыз етуге арналған тиімді ойындар мен педагогикалық практикалар банкін құру.

Бағдарламаның негізгі нәтижесі – педагогтің кәсіби ұстанымының өзгеруі: баланың мінез-құлқын басқарудан – оның мінез-құлқының себептерін түсінуге; эмоцияларын басудан – оларды қабылдауға және сындарлы түрде бастан өткеруіне қолдау көрсетуге; ересектің тапсырмасы бойынша ойын ұйымдастырудан – балалардың еркін ойынын қолдауға; «педагог бақылайды» ұстанымынан – «педагог қауіпсіз орта қалыптастырады, қолдайды және сүйемелдейді» ұстанымына көшу.

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиет

1) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
2) «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

3) «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

4) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы года № 348 бұйрығы).

5) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы).

6) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы).

7) Конысбаева А.Б. Психолого-педагогическое сопровождение детей предшкольной группы с проявлениями тревожности в дошкольной организации: дис. … д-ра философии (PhD). – Алматы: КазНПУ имени Абая, 2025.

8) Анализ положения детей и подростков в Казахстане: 2024. – Астана: ЮНИСЕФ, 2025.

9) Выготский Л.С. Игра и ее роль в психическом развитии ребенка // Вопросы психологии. – 1966. – № 6.

10) Эльконин Д.Б. Психология игры. – М.: Педагогика, 1978.

Қосымша әдебиет

1) Гоулман Д. Эмоциональный интеллект. – М.: АСТ.

2) Гиппенрейтер Ю.Б. Общаться с ребенком. Как? – М.: АСТ.

3) Фабер А., Мазлиш Э. Как говорить, чтобы дети слушали, и как слушать, чтобы дети говорили. – М.: Эксмо.

4) Боулби Дж. Создание и разрушение эмоциональных связей. – М.: Академический проект.

5) Винникотт Д.В. Игра и реальность. – М.: Институт общегуманитарных исследований.

6) Durlak J.A., Weissberg R.P., Dymnicki A.B., Taylor R.D., Schellinger K.B. The impact of enhancing students' social and emotional learning: a meta-analysis of school-based universal interventions // Child Development. – 2011. – Vol. 82(1). – P. 405–432.

7) Yogman M., Garner A., Hutchinson J., Hirsh-Pasek K., Golinkoff R.M. The power of play: a pediatric role in enhancing development in young children // Pediatrics. – 2018. – Vol. 142(3). – e20182058.

8) Hamre B.K., Pianta R.C. Early teacher–child relationships and the trajectory of children's school outcomes through eighth grade // Child Development. – 2001. – Vol. 72(2). – P. 625–638.

9) Heckman J.J. Skill formation and the economics of investing in disadvantaged children // Science. – 2006. – Vol. 312. – P. 1900–1902.

10) Panksepp J. Can PLAY diminish ADHD and facilitate the construction of the social brain? // Journal of the Canadian Academy of Child and Adolescent Psychiatry. – 2007. – Vol. 16(2). – P. 57–66.